



**«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
акционерлік қоғамы**

МАҚҰЛДАНДЫ:

**«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің
«Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылғы «05»
сәуірдегі №4 хаттамасы**

БЕКІТІЛДІ:

**«KEGOC» АҚ Басқармасының 2013
жылғы «05» сәуірдегі №17/13 хаттамасы
«Самұрық-Қазына» АҚ**

Өзгерістер енгізілді:

**«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқармасының 2014 жылғы
«03» қыркүйектегі № 42/ 14
хаттамасы**

Өзгерістер енгізілді

**«KEGOC» АҚ
Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының 2017
жылғы «26» қазандағы № 7
хаттамасы**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің

**кезектен тыс жалпы
жиналысының 2023 жылғы «26»
қыркүйектегі № 34 хаттамасы**

**«KEGOC» АҚ
Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының 2026
жылғы «21» сәуірдегі № 39
хаттамасы**

« KEGOC» АҚ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е KEGOC 00-202-13-ЕА

Дана № ____

2-басылым

Енгізу күні 09.04.2013ж.

Астана

1 Жалпы ережелер

1. Осы «КЕГОС» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «КЕГОС» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Директорлар кеңесінің жай акциялар бойынша дивидендтер мөлшері, оларды төлеу шарттары мен тәртібі туралы ұсынымдар әзірлеуі кезіндегі басымдықтарды айқындайды.

3. Қоғамның Дивидендтік саясаты дивидендтердің мөлшерін айқындау кезінде Қоғамның және акционерлердің мүдделерін сақтауға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға негізделеді.

1-1 Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар

3-1. Еркін ақша ағыны – есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша Қоғамның операциялық қызметтен түсетін шоғырландырылған ақша ағыны, минус негізгі құралдарды сатып алу (соның ішінде негізгі құралдар үшін аванстар), минус материалдық емес активтерді сатып алу, плюс қарыз қаражатының түсуі (инвестициялық бағдарламаларды/жобаларды қаржыландыру үшін), минус қарыздарды өтеу (инвестициялық бағдарламаларды/жобаларды қаржыландыру үшін), плюс бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивидендтер, плюс/минус еншілес ұйымдағы/бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлестерін өткізуден/сатып алудан түсетін түсімдер/шығыстар.

3-2. EBITDA – өткізуден түсетін кірістер плюс Мемлекеттік субсидиялар минус Өткізілген өнімнің өзіндік құны минус Жалпы және әкімшілік шығыстар минус Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар плюс Өткізілген өнімнің өзіндік құнында, жалпы және әкімшілік шығыстарда және тасымалдау мен өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация плюс Есепті күннің алдындағы 12 (он екі) ай ішіндегі үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардан алынған Пайда/Залал.

3-3. Борыш – қарыздарды тарту, борыштық бағалы қағаздарды шығару, қаржылық жалдау (лизинг), туынды қаржы құралдарын сатып алу немесе сату және ұзақ мерзімді активтерді сатып алғаны үшін төлемдерді кейінге қалдыру нәтижесінде туындаған міндеттемелердің теңгерімдік құнының, сондай-ақ ХҚЕС-қа сәйкес шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілетін негізгі борыштың номиналды сомасы.

2 Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

4. Қоғам капиталдандырудың өсуімен қатар бір жыл ішінде алынған таза кірістің мөлшеріне және Қоғамның өндірістік және инвестициялық қызметін

дамыту қажеттіліктеріне сүйене отырып төленетін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

5. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары:

- 1) Қоғамда есептік кезеңдегі таза кіріс немесе бөлінбеген пайданың болуы;
- 2) Осы Ереженің 9 және 10-тармақтарында көзделген дивидендтерді есептеуге және төлеуге шектеулердің болмауы;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы.

3 Дивидендтердің мөлшерін айқындау

6. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылындағы және/немесе жартыжылдықтағы шоғырландырылған еркін ақша ағыны негізінде есептелген Қоғамның шоғырландырылған таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныс береді.

6-1. Директорлар кеңесі дивидендтер мөлшеріне қатысты ұсынымдарды қалыптастыру кезінде келесі факторларды/оқиғаларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) «Борыш/EBITDA» көрсеткішімен айқындалатын Қоғамның борыштық жүктемесінің деңгейі;
- 2) Қоғамның қысқа мерзімді кезеңде (алдағы 12 айда) және/немесе болашақта күрделі қаржы салымдары мен инвестициялық жобаларға жұмсалатын шығындарды қаржыландыруға қажеттілігі;
- 3) қысқа мерзімді кезеңде (алдағы 12 айда) борышқа/өзге де міндеттемелерге қызмет көрсету қажеттілігі;
- 4) ҚР ҰЭМ ТМРК бекіткен тарифтерді және т.б. ескере отырып, Қоғамның қаржылық тұрақтылығын сақтау үшін (соның ішінде инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерді; инвестициялық жобаларды іске асыруға тартылған міндеттемелерді өтеу үшін ақша қаражатын жинақтауды) ақша қаражатының жеткілікті деңгейін ұстап тұру қажеттілігі;

5) және басқалары.

Дивидендтер төлеу туралы түпкілікті шешім осы Ереженің 6-1 және 7-тармақтарында көзделген нормаларды ескере отырып, Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша Қоғамның Жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.

7. Қоғам дивидендтердің келесі мөлшерде төленуін қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды:

- 1) егер «Борыш/EBITDA» көрсеткіші 1,5-тен кем немесе оған тең болса, Еркін ақша ағынының кемінде 75%-ы;
- 2) егер «Борыш/EBITDA» көрсеткіші 1,5-тен артық, бірақ 2-ден кем немесе оған тең болса, Еркін ақша ағынының кемінде 50%-ы;
- 3) егер «Борыш/EBITDA» көрсеткіші 2-ден артық болса, акционерлердің шешімі бойынша Еркін ақша ағынынан.

Қоғамның Еркін ақша ағыны, Борыш және EBITDA ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің деректері негізінде есептеледі.

8. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері дивидендтік төлемдерге бағытталатын қаражатты акционерлер тізімі жасалған күнге дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер арасында орналастырылған Қоғамның жай акцияларының санына бөлу негізінде айқындалады.

4 Дивидендтерді есептеуге және төлеуге шектеулер

9. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) меншік капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса жол берілмейді.

10. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сонымен қатар егер сот немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

5 Дивидендтерді төлеу тәртібі

11. Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына өткен қаржы жылындағы таза кірісті бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау кезінде Директорлар кеңесі Қоғамның пайда мөлшерін, Қоғамның қаржылық жағдайын, Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты болжамдарды, Қоғамның ақшаға деген қажеттілігін (күрделі қаржы шығындары мен инвестициялық жоспарларды қоса алғанда), перспективаларды және өзге де факторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Директорлар кеңесі қажет деп санайтын кез келген факторларды, оқиғалар мен іс-әрекеттерді ескеруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау кезінде Директорлар кеңесі жасалған кредиттік келісімдер шеңберінде Қоғам қабылдаған міндеттемелерді ескеруі тиіс.

12. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі бекітілгеннен кейін қабылдайды.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептемесіне аудит жүргізілгеннен кейін 3 ай ішінде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарай келе, өз қалауы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекітеді, сонымен қатар дивидендтер төлеудің басталу күнін айқындайды.

13. Дивидендтерді төлеу кезеңі дивидендтерді төлеу басталған күннен бастап 60 (алпыс) күннен аспауы тиіс.

14. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялануы тиіс.

15. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

16. Акционерлердің жалпы жиналысы аталған шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде міндетті түрде жариялай отырып, жылдың немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

17. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының талаптарына және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес дивидендтердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді.

18. Қоғамның тіркеушісінде немесе номиналды ұстаушыда шот ашуға бұйрықта көрсетілген акционерлердің банктік шоттарына Қоғамның шотынан теңгемен тиісті ақша сомаларын аудару дивидендтер төлеу болып есептеледі.

19. Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтерді, егер мұндай төлем жарияланған акциялармен және Қоғам шығарған облигациялармен жүзеге асырылса Қоғамның бағалы қағаздарымен төлеуге құқылы.

20. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс. Егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияны төленбеген дивидендтермен иеліктен шығару акцияның жаңа меншік иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

21. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Акционер қоғамның берешегін қалыптастыру мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру

мөлшерлемесі негізге алына отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.

6 Жауапкершілік

23. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының дивидендтер төлеу туралы шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақтылы орындалуына жауапты болады.

24. Акционер өзіне тиесілі акцияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтер өзгергені туралы Қоғамның тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға міндетті.

25. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі акционердің осы Ереженің 24-тармақшасында белгіленген талапты орындамау салдарлары үшін жауапты болмайды.

7 Ережені басқару

26. Ереже СТ КЕГОС 00-102-13-Б «Ұйымдық құжаттаманы басқару» стандартына сәйкес басқарылады.

27. Ереже Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары, басқарушы директорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісіледі.

Әзірлеуші:

**Корпоративтік даму департаменті
корпоративтік даму және тәуекелдерді басқару
бөлімінің менеджері**

А. Рамазанова

«KEGOC» АҚ
Дивидендтік саясаты туралы
ережеге 1-қосымша

Н. СТ КEGOC 00-101-01
Келісу парағы

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы

«KEGOC» АҚ
Дивидендтік саясаты туралы
ережеге 2-қосымша

H. CT KEGOC 00-101-02

Танысу парағы

[illegible]

«КЕГОС» АҚ

Дивидендтік саясаты туралы
ережеге 3-қосымша

Н. СТ КЕГОС 00-101-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Негізінде өзгеріс енгізілген хабарлама №	Парақ нөмірлері				Өзгерту енгізген тұлғаның Т.А.Ә	Өзгерту енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріс енгізілген күн
	өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған			
№ 263	2,3,4				Мурат С.	Мурат	03.09.2014
№ 324	4				Токубаев Ш.	Токубаев	26.10.2017
н/ж	2				Имятов О.	Имятов	26.09.2023

«КЕГОС» АҚ

**Дивидендтік саясаты туралы
ережеге 4-қосымша**

Н. СТ КЕГОС 00-101-04

Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы

Тексерілген күні	Тексеруді орындаған тұлғаның Т.А.Ә	Тексеруді орындаған тұлғаның қолы	Ескертулер тұжырымдамасы
01.04.14	Рамазанова А.Н.	Рамазанова А.Н.	Ескертулер жоқ
03.04.15	Рамазанова А.Н.	Рамазанова А.Н.	Ескертулер жоқ. Құжат жарамды
03.04.16	Сагинтаева Д.	Сагинтаева Д.	Ескертулер жоқ. Құжат жарамды
04.04.17	Токубаев Ш.	Токубаев Ш.	Ескертулер жоқ
03.04.18	Токубаев Ш.	Токубаев Ш.	Ескертулер жоқ
03.04.19	Шугаев Д.	Шугаев Д.	Ескертулер жоқ.
01.04.20	Имятов О.	Имятов О.	Ескертулер жоқ
01.04.21	Имятов О.	Имятов О.	Ескертулер жоқ
01.04.22	Имятов О.	Имятов О.	Ескертулер жоқ.
03.04.23	Имятов О.	Имятов О.	Ескертулер жоқ.